



БҮЙРЫҚ

2016 жылдың 8 сәуір

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 269

город Астана

«Балаларға арналған қосымша білім беру үйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрлік 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ	
2016 ж. «12» 05	
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 13 700	
болып тіркелді	

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-5) тармақшасына сәйкестендіру мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. «Балаларға арналған қосымша білім беру үйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрлік 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бүйрығына (бұдан әрі - Қағида) (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8565 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 21 тамыздағы № 194 (28133) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру үйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Балаларға арналған қосымша білім беру үйымы – білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке адамның, қоғам мен мемлекет мүддесіндегі білім беру және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымы.»;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Балалар музика мектептеріндегі, балалар көркемөнер мектептеріндегі және балалар өнер мектептеріндегі білім беру процесі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

14. Сабак кестесін балаларға арналған қосымша білім беру үйімшінің әкімшілігі білім алушыларға қолайлы жағдай жасауды, олардың жас ерекшеліктерін, ата-аналарының қалауын ескеріп, “Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жасайды және бекітеді.»;

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бірлестіктерде оқу-тәрбие процесін үйімдастырудың негізгі нысаны бір тақырыптық бағыттағы немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар бойынша сабактар болып табылады. Сабактар қосымша білімнің білім беру бағдарламаларының талаптарына қарай оқу жылы бойына немесе қысқа мерзімге үйімдастырылады.

18. Сабактар қосымша білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес топпен, жеке немесе бірлестіктің толық құрамымен жүргізіледі. Бірінші оқу жылында әрбір топтағы балалар саны 10-нан 15-ке дейін, екінші және келесі жылдары 8-ден 12-ге дейін, сынақ және зерттеу топтарында 6-дан 8-ге дейін болуы тиіс.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту барысында топтың құрамы 3-6 адамды құрайды.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Балаларға арналған қосымша білім беру үйімдары білім алушылардың дарының және кәсіптік бағдарлануын дамыту мақсатында ғылыми, зерттеу үйімдарымен бірлесіп жұмыс жүргізеді, заңнамаға сәйкес эксперименттік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстар жүргізу үшін олардың базасында білім алушылардың ғылыми бірлестіктерін, зертханаларын құрады.

Эксперименттік және зерттеу топтары облыстық қосымша білім беру үйімдарында да ашылады.»;

30-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Балалар музика мектептерінде, балалар шығармашылық мектептерінде және өнер мектептерінде қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын игеру қорытынды мемлекеттік аттестаттаумен аяқталады.».

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін «Әділет» ақпараттық-қызықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдаышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бүйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған

және осы бүйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармакшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары білім беру үйіндарының назарына жеткізсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрі**



Е. Сағадиев

(Handwritten signature of E. Sagadiyev)